

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Жараспай ЖББМ

Топ «Балдәурен» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3-4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 13 - 14 қараша 2023 жыл

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл- күймен қарсы алу. «Бұл қай кезде болады?» Мақсаты: Баланың жыл мезгілдері жайлы білімдерін тиянақтау пысықтау тиісті белгілерін атату, тілдерін жетілдіру, танымдылықтарын, ұстамдылықтарын дамыту. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. «Өз ұяшығын тап» Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Математика негіздері	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. «Жиназдар дүкені» Мақсаты: Бөлме ішінде заттарды орналастыра білу. Жапсыру	Дидактикалық ойын: «Күзде не киеміз?» Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкию үлгісін көрсете түсіндіру. Қоршаған ортамен таныстыру	Жұмбақ: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен таныстыру
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»

балалардың дербес ерекштігі (баяу ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. Қоршаған ортамен таныстыру	«Иә немесе жоқ» Мақсаты: Балаларды жақсы мен жаманды, болады мен болмайдыны айыра білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет	Мынау қай пішін? Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Математика негіздері	«Күзгі жапырақтар» Мақсаты: жапырақтардың арасынан тек қызыл түсті жапырақты таба білу және ағаштың суретіне тақтаға жапырақтарды жапсыру. Жапсыру	«Сипап көр» Мақсаты: Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. Математика негіздері
Таңертеңгі жаттығу	№ 11	№ 11	№ 11	№ 11	№ 11
Таңғы ас	Ойын-жаттығу «Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру, сұрақ- жауап	Нан қикымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. Сөйлеуді дамыту	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор» «Нан қайдан келеді?» Мақсаты: Нанның адам еңбегімен келетінін, оған көп күш жұмсалатынын түсіндіру.	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме Көркем әдебиет
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Орнына қойып шық» Мақсаты: Жиһаздардың аттарын атап айту және бөлме ішінде өз орындарына орналастыру. Құрастыру	Үстел үсті ойыны «Құстарды тап» Мақсаты: жануарлардың арасынан тек құстарды табу. Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет	«Ғажайып қапшық» Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану. Қоршаған ортамен танысу	«Тамшыларды жина» Мақсаты: үлкен, кіші заттарды айыру және жылдамдыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Сурет салу	«Күз нышандары» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктеріне байланысты суреттерді табу. Сөйлеуді дамыту Қоршаған ортамен танысу
Білім беру	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру

Ойынның кестесі ойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен арқаның астымен еңбектеу.	«Ойыншықтар» өлеңін жаттау. Ән айтудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Әнді айтуға үйрету.	Секіру. Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру дағдыларын жетілдіру.	«Ойыншықтар» өлеңін жаттау. Ән айтудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Әнді айтуға үйрету.	Қимылды ойын: «Автомобиль мен торғайлар»
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	№ 11	№ 11	№ 11	№ 11	№ 11
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Киімдерін ретімен шешіп, шкафтарына бүктеп қоюға қалыптастыру.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Достарымен ішке кіру.
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тағамды асықпай жеу керек.	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы- тәтті.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	«Әлди –әлди ұйықтайғой»	«Бесік жырын» тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру	«Жақсы жатып, жайлы түр!»

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 53	Сөйлеуді дамыту № 54	№ 55	Көркем әдебиет № 56	№ 57
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету.	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Танымдық үстел үсті ойыны: «Көлеңкесін тап?» Мақсаты: Балалардың есте сақтау, көру қабілетін дамыту. Тиянақтылыққа және ұқыптылыққа үйрету. Математика негіздері	«Кім солай сойлейді?» доппен ойын Мақсаты: Жануарларды дауысынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	«Өз үйінді тап» дидактикалық ойын Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру	Музыкалық жұмбақ Мақсаты: Қатты, ақырын дыбысты сезіну қабілеттерін жетілдіру. Музыка	Сикырлы суреттер Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Құрастыру Мүсіндеу
Балалармен жеке жұмыс	Жеке баламен жұмыс: Нұрахметке қаламды дұрыс қолдануға үйрету. Сурет салу	Жеке баламен жұмыс: Даянаға түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: Диляраға құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Жеке баламен жұмыс: Нұрислямға қаламды дұрыс ұстауға үйрету. Қоршаған ортамен танысу	Жеке баламен жұмыс: Асылымға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Сурет салу Балаларды табиғатпен таныстыру.

Үсіп	№ 11	№ 11	№ 11	№ 11	№ 11
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам»